№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы
Ересек«Жауқазын»тобы

Тақырыбы: "Бізге таныс әріптер мен дыбыстар"



Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С

2020 ж

Білім облысы: «Коммуникация»
Білім бөлімі: Сауат ашу, Көркем әдебиет
Тақырыбы: «Бізге таныс әріптер мен дыбыстар»
Мақсаты: Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. Балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Сөздік қорларын молайту. Дамыту ойындарын ойната отырып, ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту, ойын барысында игерген білімдерін бекіту. Буын туралы түсініктерін арттыру. Сұрақтарға жылдам жауап бергізу арқылы ұшқыр ойлау қабілеттерін дамыту. Жаңа ертегімен таныстырып, қызығушылықтарын арттыру.
Көрнекілігі: тақырып аясында

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Біз әдепті баламыз<br>Біз ерекше баламыз<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме! деп,<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>Балалар, мына менің қолымдағы шам, оның оты жалындап жанып тұр, мына сендердің де кішкентай жүректерің осы от сияқты лапылдап, жалындап жанып тұр. Қане олай болса осы от арқылы жалынды тілектерімізді айтайықшы.<br><br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі неше айға бөлінеді?<br>Қыс мезгілінде не жауады?<br>Қардың түсі қандай?<br>Олай болса қолдарымыздағы қарды үрлеп тіл жаттығуын жасап алайық. Кімнің қары алысқа ұшады екен.<br>Балалар қыс мезгілінде далаға шыққанда тоңасыңдар ма? | Аспанымыз ашық болсын!<br>Ата-анамыз аман болсын!<br>Еліміз аман болсын!<br>Еліміз өркендей берсін!<br>Қазақстан жасай берсін!<br><br>Қыс мезгілі<br>Үш айға бөлінеді<br>Қар жауады<br>Ақ түсті<br>Балалар қолдарындағы қарды үрлейді<br>Ия |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Олай болса қане қолымызды жылытайық, ол үшін біз саусақтарымызды біріктіріп үрлейік. Үрлеген сайын балалар біздің тынысымыз кеңінен ашылып, тіліміз жаттыға түседі екен.<br>Балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Яғни қарым қатынас ойыны. Ойынның аты «Жыл мезгілдері » деп аталады. Ойынның шарты бойынша мына тұрған дайын қиынды суреттерден жыл мезгілдерінің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып жыл мезгілдерінің суреттерін құрап шығамыз. Ал бұл жерде суреттер араласып кеткен.<br>Жарайсыңдар балалар, ал енді отырамыз.<br>Балалар, біз осы уақытқа дейін сауат ашу оқу қызметінен не білдік, не үйрендік біз қазір сол жайлы әңгімелесеміз.<br>Сөзбен таныстық, сөйлем құрап үйрендік.<br>Дыбыс пен әріпті, дауысты және дауыссыз дыбысты үйрендік.<br><br>Сонымен дыбыс дегеніміз не?<br>Әріп деген не?<br><br>Ал буын деген не? | Балалар бәрі бірге үрлей бастайды<br><br>Дыбысты айтамыз, естиміз<br>Әріпті жазамыз, көреміз<br>Сөзде қанша |

<table>
<tr><td></td><td><br><br>Дыбыс нешеге бөлінеді?<br>Қандай-қандай?<br><br>Дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br><br>Ал дауыссыз дыбыстар ше?<br><br>Дауысты дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз?<br>Ал дауыссыз дыбыстарды ше?<br>Қане балалар, олай болса мен сендерге осы айтылған дыбыстар жайлы бір ертегі оқып берейін. (Ертегіні оқып беру)<br>Ал балалар біз енді не білетінімізді көрсетіп тақтамен жұмыс жасайық.<br>1-тақтада: бізде сөздер буынға бөлініп жазылыпты. Соны оқып берейік.<br>2- тақтада: «Кім зерек» деген ойын-тапсырма екен, мұнда балалар әріптерді дауысты және дауыссыз үйшіктерге бөліп орналастырамыз.<br>3- тақтада: Бос тұрған торға әріп қойып жазамыз.</td><td>дауысты дыбыс болса, сонша буын болады<br><br>2-ге бөлінеді<br>Дауысты және дауыссыз<br>Созылып еркін айтылады<br>Айтқанда кедергіге ұшырап шығады<br>Қызыл текшемен<br><br>Көк текшемен<br><br>Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар берілген сөздерді оқиды.<br>Балалар қызығушылықпен орындайды</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивті түзетуші | 4- тақтада: «Қай дыбыстан басталады?»<br>Мұнда балалар мына тұрған қалтаның ішінен сурет шығады және сол сурет қай дыбыстан басталатынын айтып мына тұрған жерден сол суреттің бас әрпін тауып қалтаға салып сөзді буынға бөлеміз.<br>Сонымен балалар біз жалпы не жайлы әңгімелестік?<br>Қандай ертегімен таныстық?<br>Қандай ойын, тапсырмалар орындадық?<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Әріптер мен дыбыстар<br>Дыбыстар қалай пайда болған сол жайлы |

## «Дыбыстар туралы» ертегі.

Әлдеқандай патшалықта емес, бір мемлекетте емес, өзіміздің аузымызда белгісіз дыбыстар өмір сүріпті. Олардың үйі осы ауызымыз болыпты. Үйдің төбесі қандай, едені төменгі таңдай , үйдің екі қабырғасы екі жағымыз болыпты .Ал үйдің есігі ерін, оның ішінде есік мықты болу үшін қойылған  сүйек шарбақтары бар екен, олар тістер болыпты. Бір күні осы үйге барлығын басқаратын бастық пайда болыпты. Ол тіл екен.Тілдің көңіл күйі жақсы болса дыбыстарды емін еркін өткізіп жібереді екен. Олар; А, О, Е, И, Ы, І, У. Күндердің күнінде тіл бұл дыбыстарға ырза болып оларға қызыл көйлек сыйлап,  есіктен емін еркін кіргізіп шығарыпты.  Ал, тіл кейбір дыбыстарға таңдайына жабысып қала берген соң, ашуланып шығуына бөгет болып, есікті жауып қояды екен. Олар: М, Н, Қ, К, С, Т. Тіл оларға ашуланып көк түсті көйлек сыйлапты Себебі; тіл көк түсті жек көреді екен. Сөйтіп бәрін басқаратын тіл дыбыстарды ысылдауға, қырылдауға мәжбүр етеді екен. Сол заманнан бері емін еркін шыққан дыбыстар дауысты, ал қысылып, айтылу кезінде кедергіге ұшырап шыққан дыбыстар дауыссыз болып екіге бөлініпті. Содан оларды жекелей ешкім түсінбегендіктен олар бәрі бірігіп буын құрайды, жеке буын да түсініксіз болған соң, сөз құрайды, жалғыз сөздің мәні болмаған соң, бәрі ақылдасып сөзден бір тиянақты ойды білдіретін сөйлем жасайды. Міне, содан бері дыбыстар адамдарға қызмет етіп келеді екен.

№ 53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы

Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

# Ашық оқу қызметі

## Тақырыбы: «Сиқырлы саусақтар»

Тәрбиеші: Сабанбаева Э. С.

**Білім беру саласы**: «Шығармашылық»

**Білім бөлімі:** Сурет салу

**Тақырыбы:** «Сиқырлы саусақтар»

**Мақсаты:** Балалардың қолдарын дәстүрден тыс заттарды пайдаланып сурет салуға дағдыландыру, кеңістікті бағдарлауды дамытуға мүмкіндік жасау. Балаларға саусақтармен жұмыс жасаудың тәсілдерін көрсету,түсіндіру.Түрлі- түсті барлық қол жетімді құралдар арқылы бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру. Саусақтармен жұмыс жасау дағдыларын, ал түстер арқылы суреттің көңіл-күйінің өзгеретіні туралы білімдерін бекіту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** түрлі-түсті бояулар, ылғал сүлгілер, ал жапқыш, жеңсек, әр бала санына түтікше, пласмас стакан, медициналық перчатка, қыз бала санына тең далаптар.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Біздің ұйымдастырылған оқу қызметімізге қатысу үшін қонақтар келіп отыр. Олай болса ең алдымен амандасып алайық. Ал амандасу үшін бізге қолымыз көмектеседі. Ал қолымыздың өзі оң және сол қол болып екіге бөлінеді. Оң қолымызда бес саусақ, сол қолымызда бес саусақ бар. Ал енді балалар сендер қолымыздағы саусақтардың сиқырлы екенін білесіңдер ме? Олай болса, қане бәріміз «Саусақтар сәлемдеседі» деп саусақтарымызды сәлемдестіріп алайықшы. Ол үшін балалар, оң және сол қолдың бас бармақтарының ұшын кезек-кезек саусақтарға және шынашаққа тигіземіз.<br>Ал енді шаттық шеңберін құрып алайық. Балалар бізде бұл жолы шығармашылық білім саласы бойынша ашық оқу қызметі болғандықтын шаттық шеңберімізді ерекше құрайық, яғни музыкалық шаттық шеңбері болмақ. | Балалар саусақтарымен амандасып алады.<br><br>Балалар әуен ырғағымен қуана қимылдар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық ізденістік | Жарайсыңдар балалар. Қане бәріміз орнымызға жайғасайықшы.<br>Міне , балалар біздер саусақтарымызбен бәрін жасай аламыз. Жаман нәрсені, жақсыға айналдыра алады екенбіз. Бұл саусақтардың біздерге көмегі көп екен, олар арқылы күнделікті беті қолымызды жуамыз, сүлгімен сүртінеміз, тамақ ішеміз, ойнаймыз жалпы барлық нәрсені істейміз. Сондай-ақ саусақтарымыздың көмегімен сурет те саламыз. Ендеше біздің бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Сиқырлы саусақтар» деп аталады.<br>**Тосын сәт:** Көңілді әуен естіледі. Балалар, көңілді әуен қайдан естіліп тұр? Бізге қонақ келе жатқан сияқты. Қараңдаршы бізге сиқыршы келіп қалыпты.<br>**Сиқыршы:** Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен бүгін топтарыңызда көңілді, ғажайыпқа толы оқу қызметі өтеді деп естіп, арнайы келдім.<br>Қош келдіңіз. Сізді неге Сиқыршы деп атайды?<br>**Сиқыршы:** Мен қолымдағы саусақтарым арқылы түрлі сиқырлар жасай аламын. Сол себепті мені Сиқыршы деп атайды. Балалар, мен сендерге өзімнің сиқырлы саусақтарым арқылы жұмбақ жасырамын, шешуін тауып көріңдерші.<br>Екі қолдың алақандарын көтеріп, саусақтарымызды кеңінен ашамыз неге ұқсады?<br>Бас бармақ пен сұқ саусақтардан екі дөңгелек жасаймыз неге ұқсап қалды?<br>Екі қолдағы он саусақты ұштастыра отырып дөңгелек жасаймыз....<br>Оң қолдағы үш саусақты түйістіріп, жүрісті саламыз, сол қолымыздағы бес саусақты айқастырып бір жануардың тікенін жасаймыз......<br>Жарайсыңдар балалар. | Ағашқа<br><br>Көзілдірік<br><br>Доп<br><br>Кірпі |

| | | |
|---|---|---|
| | Ал енді балалар сендермен сиқырлы саусақтарымызбен бір ойын ойнап алайықшы. Ойын аты «Шатасқан алақандар» деп аталады. Ойын шарты бойынша қабырғада шатасқан оң және сол алақандар жабыстырылып тұр. Сендер сол алақандарды тура тауып саусақтарды қойып шығамыз. Жарайсыңдар балалар. Балалар сендерге ойын ұнады ма? Ал енді тыныс алуымызды бір реттеп сергіп алайық. Орнымызға жайғасып алдымызда тұрған заттарға назар аударамыз. Балалар әр қайсыңның алдыңда медициналық перчатка, пласмас стакан, түтікше және маркер тұр. Біздер осы тұрған перчатканы алып алдымызға жайып қойып қалаған суретімізді саламыз, салып болған соң пластмас стаканға кигіземіз, түтікшені алып стакандағы кішкене тесікке салып үрлейміз.<br>**Сиқыршы:** Сендердің ойындарыңа қарап қызығып кеттім, бірақ менің көңіл күйім болмай тұр. Менің анамның бүгін туған күні еді. Не сыйларымды білмей тұрмын?<br>Сиқыршы сіз мұңаймаңыз біздің балалар өздерінің сиқырлы алақандарымен анаңызға арнап гүл салып берсін.<br>Балалар қане сиқыршыға сурет салып көрсетейік. Бірақ бүгін суретті әдеттегідей салмай дәстүрден тыс әдісті қолданып салып көрсетейікші ал сурет салуды бастамас бұрын кім маған сурет салудың дәстүрден тыс әдісін айтып береді. | Балалар аса қызығушылықпен ойынды ойнайды.<br><br>Балалар аса қызығушылықпен орындайды.<br><br>М. Жанерке<br>Сурет салудың әдіс тәсілдері. А).Бастыру. Ә). Саусақпен сурет салу. Б). Далаппен сурет салу<br>В).Нүктелер арқылы суре салу. Г).Сия тамшысы графикасы-(кляксография) Ғ).Дақ графикасы.<br>Д).Тамшуырмен (пипеткамен) сурет салу |

| | | |
|---|---|---|
| | | Е).Үрлеу немесе түтікше арқылы сурет салу.<br>Ж).Жіп графикасы.<br>З).Жіппен сурет салу.<br>И).Бір басылымды сурет (монотипия) К).Мәсуекпен (тіс щеткасымен) сурет салу Қ).Граттаж.(тырнау әдісі) Л).Балауыз шаммен сурет салу. М).Құммен сурет салу әдісі. Н).Сулау тәсілі. |
| Рефлексиялық түзетушілік | Ал енді  орнымызға жайғасып алжапқышты тағып, жеңсекті киіп сайқымазақтың анасына гүлдің бейнесін салып берейік.  Қыздар тобы далаппен, ал ұлдар тобы түтікше арқылы жұмыс жасаймыз. Жұмысты бастамас бұрын тақтаға назар аударайық мен сендерге көрсетіп жіберейін.<br>Жарайсыңдар балалар.<br>Балалар біздер жалпы бүгін не жайлы әңгімелестік?<br>Сендерге бүгінгі оқу қызметінен не ұнады?<br>Кім бізге қонаққа келді?<br>Қандай сурет салдық?<br>Немен салдық?<br>Жарайсыңдар балалар.<br>**Сиқыршы:** Балалар сендерге көп рақмет. Өте дарынды балалар екенсіңдер.<br>Балалар қане суретіміздің біреуін сиқыршының анасына сыйға тартайық.<br>**Сиқыршы:** рахмет балалар сендерге.<br>Олай болса қош сау болыңдар.<br>Міне балалар көрдіңдер ме, біздер саусақтарымыз арқылы көп нарсе жасай алады екенбіз. Саусақтарымызға жалпы барлық заттарға алғыс айтып жүруіміз керек екен. Олай болса оқу қызметімізді «Алғыс» әнін орындап аяқтайық. | Балалар сурет салуға кіріседі.<br>Балалардың жауаптары. |